



# Дін – ҒЫЛЫМНЫҢ анасы

«Ислам – дін ғана емес, ол біздің мәдениетіміз». Н. Ә. НАЗАРБАЕВ

Имандылық тәрбиесін беру арқылы келер ұрпақты Мұхаммед пайғамбардың қадірлері мен сүннет қағидаларында баяндалған мұсылмандық шарттары туралы жанынтығын насихаттау мақсатында Арқалық қалалық Мәдениет сарайының жылдық жоспарына орай Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектеп 9 сынып оқушыларымен Мұхтасиб Әл-Мұхамед мешітінің бас иамамы Бектұрсын Торғайбайұлы және Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Жұмағали Өмірбекұлының қатысуымен «Дін - ғылымның анасы» атты тәрбиелік дәріс өтті.

Арқалық қалалық Мәдениет сарайының әдебиет бөлімінің меңгерушісі Жандос Ергазыұлы тәрбиелік дәріс отырыстың негізі діни білім беру арқылы келер ұрпақты адамгершілікке, мейірімділікке, мәдениеттілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу,

оқушылардың діни сауатын ашу мақсатында екенін атап өтті.

Дәріс барысында бас имам Бектұрсын Торғайбайұлына ислам діні және қазіргі қоғамдағы өзгерістер жөнінде оқушылар сұрақтар қойып, толықтай жауап алды. Жұмағали Өмірбекұлы жастар бір-бірін құрметтеуге, ата-ананы сыйлаудың маңыздылығын тоқталып өтті. Іс-шараны өткізуде Арқалық қалалық Мәдениет сарайы «Мұхтасиб Әл-Мұхамед» мешітінің бас иамамы Бектұрсын Торғайбайұлына, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Жұмағали Өмірбекұлына және Абай Құнанбаев атындағы № 6 орта мектептің тәрбие ісі жөніндегі мамандары А. Карашнинова, Л. Асқарова және 9-«а», «б» сынып жетекшілері Л. Мұхамедиярова, С. Бекеноваларға алғыс білдіреміз.

**Ж. РАХМЕТОВ,**  
Арқалық қалалық  
Мәдениет сарайының  
әдебиет бөлімінің  
меңгерушісі.

# есеп берулері аяқталды

Ақпанның 2-ші жұлдызында Арқалық қаласына қарасты ауылдардың әкімдері есеп берулерін аяқтады. Есеп беру кездесулерінде қала әкімі Ғазиз БЕКМҰХАМЕДОВ пен бір топ бөлім басшылары, коммуналдық мекемелердің жетекшілері ауылдың өзекті проблемаларымен танысып, ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігі жайында хабардар болды.

Арқалық қаласы аумағы бойынша ең ірі әкімшілік бірліктер қатарында Қалаға қарасты 17 ауыл мен ауыл округтері бар. Бір жарым миллион гектар жерді алып жатқан Арқалық өңірінде ауылдардың қаламен байланысы, ауыз су мәселесі, жылумен қамтылуы және тағы басқа мәселелер көп туындайтыны белгілі. Ауыл әкімдерінің есеп беру кездесулерінде қала әкімдігінің назарына осы түйіпкізді мәселелер төңірегінде сауалдар қойылып, оларды шешу жолдары талқыланды.

Ұлан байтақ еліміздің әр түкпірінде шешілмеген проблемасы шаш етекпен асатын ауылдар жоқ емес. Ауылдағы атуалды елімізде етек алған урбанизация үрдістері үдетіп түсіруде. Қазіргі таңда ауылды өсіріп емес, өшіріп алмау – басты міндетке айналып отыр. Ауылдағы миграциялық дағдарыс еңбекке қабілетті жастар санының азаюын, соған байланысты сан тасырлар қазаққа азық болған мал шаруашылығының ақсаңдауын жылдамдатуда. Бүгін Үкімет те осыған байланысты талай жобаларды іске асырып келеді. Мысалы, «Дипломмен ауылға», «Жұмыспен қамту жол



Ашутасты ауылындағы есеп беру кездесуі

«Сыбаға», «Алтын асық» және тағы басқа ауыл шаруашылығы мен оңдағы халықтың кәсіпкерлікке бетбұрыс жасауына жағдай жасайтын бағдарламалар іске асырылуда. Алайда, олардың барлығы нәтиже беруде ме?

Ауылдың жағдайы жақсарып кетті деп, әрине, айта алмаймыз. Жылдан жылға кезегін күткен мәселелер тізімі әлі азаяр емес. Бірінші кезекте, ауылдардың көбінде ауыз су мәселесі тұр. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ауылдар әкімшілік орталықтан алшақ орналасқандықтан, су құбырларын жаңарту қиырау қаржыны қажет етеді. Бұл мәселе тіректі елді мекендерде де бар. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері өзге ауылдарға қарағанда алдеқайда жоғары, тіректі ауылдардың (опорное село) бірі Ашутасты ауылында да су құбырлары ескірген.

Қала әкімі Ғазиз БЕКМҰ-

десулерінде бүгінгі таңда мұндай мәселелердің тез арада шешіле қоймайтыны ашық айтты. Себебі, шикізат өнімдерінің нарықтық бағасы төмендеуінің салдарынан бюджетке түсім азайды. Үкімет күрделі жөндеу жұмыстарын, өзге де ірі инфрақұрылымды жаңғырту жобаларын қаржыландыруды уақытша бәсеңдетіп отыр. Дағдарыс дауылы көтерілген бүгінгі таңда Үкіметтің көздегені – әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейін бір қалыпта ұстап қалу, жаңа жұмыс орындарын ашу, өндіріс ошақтар санын көбейту.

Дегенмен де, қала басшысы Ғазиз Ерболатұлы әкімдік қолдан келгенше бұл мәселенің шешілуіне үлес қосқанын тілге тиек етті. Мәселен, үш жылдық бюджеттің жобасына су құбырларын ауыстыруға бюджеттік өтінім берілген екен. Ол жоба алдағы үш жылдықта жүзеге асырыла ма әлде қолғау таппай қайтып

калық деңгейде шешілетін болады.

Әрине, ауылда айтар мәселе аз емес. Олардың барлығы да қала әкімінің назарында. Айтпақшы, биылғы жылдан бастап ауылдардың бөлек бюджеті болады. Ол, жергілікті халық пен кәсіпорың, мекемелерден түскен салықтан, басқа да бюджеттік төлемдерден құралады. Оны ауыл әкімдері жергілікті қауымдастықпен кеңесе отырып, ауылдың мұқтаждығына бағыттайтын болады.

Ғазиз Ерболатұлы қала әкімдігі аппаратының кезекті жиналысында есеп беру кездесулерінде айтылған өзекті мәселелерді мүмкіндігінше уақытылы шешуді тапсырды. Оқырмандардың есіне сала кетсек, ақпанның 10-шы жұлдызында Областық Қазақ жасөспірімдер театрында сағ. 12.00-де қала әкімінің қорытынды есебі оқылды.

Кайырат



# Ауған соғысы ардагерлері ардақталды

Ауған соғысы кеңес жауынгерлері үшін жүрекке жазылмастай із қалдырды, сондықтан да қазір тарихта ерекше орын алатын беттерге айналып келеді. Қазіргі таңда ол үшін жастарға сол кездегі жігіттердің Отан алдындағы борыштарын адал орындағандарын ұқсын, олардың патриоттық сезімдерінен тағыпам алын деген мақсатпен жыл сайын түрлі деңгейдегі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, көз көргендермен кездесулер өткізіліп тұрады. Сондай тәрбиелік маңызы зор кездесулердің бірі Арқалық қаласындағы Әнуар Боринбаев атындағы кинотеатрда қала әкімі Ғ. Бекмұхамедов, ТБКБ басшысы В. Родриг, ардагерлер мен қала жұртшылығының қатысуымен болып өтті. Соғыс ардагерлерінің ерліктерін еске алып, оларға арнап концерттік бағдарлама қойылды.

Жылсайын 15 ақпанда біз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарына бас неміз. Себебі 1979 жылы Ауғанстан жерінде болған зұлымат соғыста Кеңес әскерлері қайталанбас қаһармандық танытты. Өзге елде болсын, халықтың пайымынан ойлаған батырлардың басына басын

бірі із-түссіз жоғалып кеткен болатын. Бейбіт өмірде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген өрімдей жас жігіттер Ауған соғысына аттанған. Талайдың тағдырын тал-кекке салған Ауған соғысы он жылға созылды. Мұнда қаншама жас қыршынан қиылып, қаншасы мүгедек болып оралды. Олардың бір ғана міндеті - бала жастан саналарына сіңірген патриоттық тәрбие - Отан алдындағы борышын өтеу, қабылдаған аңғына берік болу еді. 1989 жылдың 23-26 ақпанындағы «Тайфун» операциясы кеңес әскерлерінің ауған жеріндегі он жылға созылған соғыстағы ең ақырғы шайқасы болды. Ақпанның 4-і күні Кеңес Армиясының соңғы бөлімі Кабулдан шықты, ал 15 ақпанда 40-шы Армияның қалбасшысы генерал-лейтенант Б.Громов Термез қаласында «Кеңес әскерлері Ауғанстан жерінен толықтай шықты» деп басылысқа байланысты. Қаншама қазақ отбасына қасірет әкелген айдаладағы Ауғанстан соғысы біз үшін осылай аяқталған болатын.

Ел үшін етегімен қан кешкен жауынгерлер қашанда құрметке лайықты. Батырларымыздың ерлігі ел есінде мәңгі қалмақ, ал жас ұрпақ үшін елді есіне бермеген



## Үстаз-ұлағатты есім

**Қыран биікте самғап, шарласа, жастар өз әлемінің месі, елдің тізгінін ұстайтын ел азаматы болуы тиіс. Жарқын болашаққа бет алған бағдарламамыздың айқын ұлттық идеямыздың тұғыры айқындалып тұрады. Тіл мәселесі сіздің де, менің де елдігіміздің айнасы. Өз тіліңді сүйе білуде, бесігіңнен бастап тәрбиелеу ата-ана борышы, ал мектеп есігін ашып алғашқы қадам басқан сәби жүрекке ұялата білу ол ұстаз міндеті.**

Әліппе оқушы айнасы, оған үнемі қарап, ол өз өмір жолына жол бастау үшін, әр әріптен ұғып үйреніп көзін ашады. Егер ұқпай қалса, сақар болып ештенені ұқпай қалуы мүмкін. Оқушының көкірегімен көрін ашу ұстаз біліміне байланысты.

мекбайқызы №8 мектепте 17 жыл терін төккен қадірменді ұстаз. Жанаттың жалпы ұстаздық өтілімі 27 жыл екен. Осы мектепте 2008 жылдан бастап Бастауыш әдістемелік бірлестік жетекшісі болып жұмыс атқарып келеді. Жанат Ермекбайқызы байбарғы бастауыштың ұстазы. Оның алдында білім алып қанат қаққан талай шәкірттер үлкен мамандықтың иелері. Әр кездесулерде оқушылары апайларын әсте естен шығармайды. Жанат Ермекбайқызы оқушылар мен тіл табысқанда баласындай сырласады. Жуырда №8 мектептің 1 - сынып оқушыларының әліппемен қоштасу кеші өтті. «42 әріппен Ғаламды танытқан, қош сүйікті Әліппем!» тақырыбында өткен кеште барлық оқушылар өз білімдерін көрсете біледі. Тіпті, кеше ғана алдынан бастауыш табылдарығын аяқтап қоштасып кеткен 5-сынып оқушылары өзінің шәкірттері, өздерінен кіші іні – сінділеріне көмектесіп бірге ат салысты. Кеш негізінде «Гүлдер патша-

өтті. «Гүлдер патшасы» Ислам Төленов, қос уәзірі Фархат Шамбыл, Мадияр Кашин мен қоса келіп шәкірттердің білімін тексерді. Әліппе боп ойнаған Жасмин Ибраева, Ана тіл болып шыққан Гүлдастан Төленді. Жүргізушілер Наргиз Қазымбекова, Айдана Мақдотова т.б өз шәкірттері ат салысты. Әліппемен қоштасу кеші өте қызықты өтті. Ата – аналар атынан Мәрзия Сағыбалдина апамыз, Бауыржан Тоқаев шәкірттерге риза болып, ұстазға деген алғыстарын айтты. Мектеп директоры Нұрлыбек Иманқұлов кішкентай бүлдіршіндерді құттықтап, ризашылығын білдірді. Біздің мектептегі тәжірибелі ұстаз Жанат Баймолдина өз ісіне ұқыпты, қарапайым жан. Отбасына адал жар, балаларына аяулы ана, шәкірттеріне ұлағатты ұстаз. Біз оның еңбегін әр кезде дәріптеп, үлгі тұтамыз.

**Жанар АБДРАХМАНОВА,**  
Арқалық қаласы  
жәкімшілігі білім бөлімінің  
№8 негізгі мектебі»